

2017-2019 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджетін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 68 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қаңтарда № 5207 болып тіркелді. 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Ескерту. Шешімнің тақырыбында, бүкіл мәтіні бойынша және қосымшаларындағы "Шалқар ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджетін", "Шалқар ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті", "Ауданның 2017 жылға арналған бюджетінде", "Ауданның 2017 жылға арналған бюджетінің", "аудан бюджетінің", "аудан бюджетінен" сөздері "2017-2019 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджетін", "2017-2019 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджеті", "2017 жылға арналған аудандық бюджетінде", "2017 жылға арналған аудандық бюджетінің", "аудандық бюджеттің", "аудандық бюджеттен" сөздерімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 15.11.2017 № 141 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2017-2019 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2017 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 7942899,1 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер бойынша - 2671792,0 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер бойынша - 3895,0 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 14313,0 мың теңге;
 - трансферттер түсімдері бойынша - 5252899,1 мың теңге;
- 2) шығындар – 8049792,6 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 616902,8 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 620577,8 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 3675,0 мың теңге;
- 4) бюджет тапшылығы - -723796,3 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 723796,3 мың теңге.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 14.03.2017 № 98 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2017 № 141 (01.01.2017 бастап

қолданысқа енгізіледі); 28.11.2017 № 145 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.12.2017 № 149 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Аудандық бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

салықтық түсімдер бойынша:

табыс салығы, оның ішінде жеке табыс салығы;

әлеуметтік салық;

меншікке салынатын салықтар, оның ішінде:

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

біріңғай жер салығы;

тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар, оның ішінде:

акциздер;

табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер;

кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар;

ойын бизнесіне салық;

заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер, оның ішінде мемлекеттік баж;

салықтық емес түсімдер бойынша:

мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер, оның ішінде мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар, оның ішінде:

мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

басқа да салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, оның ішінде жерді сату.

3. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 29 қарашадағы "2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 7 бабына сәйкес, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 24459 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2269 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 24459 теңге көлемінде белгіленгені ескерілсін.

4. 2017 жылға арналған аудандық бюджетінде облыстық бюджеттен берілетін субвенция көлемі 3598000,0 мың теңге сомасында көзделсін.

4-1. Заңнаманы өзгертуге байланысты 2017 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджетке шығындарын өтеуге 29080,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

Ескерту. Шешім 4-1 тармақпен толықтырылды – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 28.11.2017 № 145 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. 2017 жылға арналған аудандық бюджетінде республикалық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

тіл курстарында тағылымдамадан өткен мұғалімдерге және оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырған мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге – 8502,0 мың теңге;

"Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті ендіруге – 3008,0 мың теңге;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға 2012-2018 жылдарға арналған шаралар жоспарын іске асыруға – 5802,0 мың теңге;

еңбек нарығын дамытуға - 45848,0 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға – 6807,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 5 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 12.07.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2017 № 145 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.12.2017 № 149 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. 2017 жылға арналған аудандық бюджетінде республикалық бюджеттен мынадай көлемдерде нысаналы даму трансферттері бөлінгені ескерілсін:

Шалқар ауданы Шалқар қаласындағы даму аймағында электрмен қамту желілерінің құрылысына – 60758,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Шалқар қаласындағы даму аймағында квартал ішілік газбен жабдықтау желілерін салуға – 131302,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Шалқар қаласындағы даму аймағына жеткізілетін газбен жабдықтау желілерін салуға - 72350,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Шалқар қаласындағы даму аймағында сумен жабдықтау желілерін салуға – 230419,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Аққайтым ауылындағы сумен жабдықтау желілерін салуға – 162936,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Байқадам ауылындағы сумен жабдықтау желілерін салуға – 186853,0 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 6 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 12.07.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2017 № 145 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7. 2017 жылға арналған аудандық бюджетінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен мынадай көлемдерде бюджеттік кредиттер түскені ескерілсін:

Шалқар ауданы Біршоғыр ауылдындағы сумен жабдықтау желілерін қайта жарақтауға - 340242,1 мың теңге;

Шалқар ауданы Бегімбет ауылындағы кәріз желілерін қайта жарақтауға – 273528,7 мың теңге.

Бюджеттік кредиттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 7 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 28.11.2017 № 145 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2017 жылға арналған аудандық бюджетінде облыстық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттері түскені ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын жүзеге асыруға – 73884,0 мың теңге;

орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге – 165457,0 мың теңге;

жалпы білім беретін мектептерді кеңжолақты интернетке қосылуын қамтамасыз етуге – 1643,0 мың теңге;

жалпы білім беретін мектептерді интерактивті білім беретін контентке қосуға – 9940,0 мың теңге;

жалпы білім беретін мектептерді техникалық инфрақұрылымымен жабдықтауға – 24111,0 мың теңге;

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының күрделі шығыстарына – 13454,0 мың теңге;

халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге – 37944,0 мың теңге;

алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың құнын иелеріне өтеуге – 894,0 мың теңге;

нәтижелі жұмыспен қамтуға және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға – 29656,0 мың теңге;

автомобиль жолдарын орташа жөндеуге – 79291,8 мың теңге;

робототехника бойынша элективтік курстарына құрылғылар сатып алуға – 5478,0 мың теңге;

мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар табыс етуге – 19567,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 8 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 14.03.2017 № 98 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2017 № 145 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. 2017 жылға арналған аудандық бюджетінде облыстық бюджеттен мынадай көлемдерде нысаналы даму трансферттері бөлінгені ескерілсін:

Шалқар қаласының Байсалбаев көшесінен екі пәтерлік жалдамалы коммуналдық тұрғын үйін салуға – 11675,0 мың теңге;

Шалқар қаласының № 4 көшесінен № 420, 421, 422, 423 жер учаскелерінде екі пәтерлік жалдамалы коммуналдық тұрғын үйлерін салуға – 46700,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Қауылжыр ауылы Есет Көтібарұлы көшесі № 25 жер учаскесінен екі пәтерлік жалдамалы коммуналдық тұрғын үйін салуға – 11669,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Шалқар қаласындағы даму аймағында электрмен қамту желілерінің құрылысына – 5816,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Шалқар қаласындағы даму аймағында квартал ішілік газбен жабдықтау желісін салуға – 21867,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Шалқар қаласындағы даму аймағына жеткізілетін газбен жабдықтау желілерін салуға - 15346,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Шалқар қаласындағы даму аймағында сумен жабдықтау желілерін салуға – 36214,0 мың теңге;

Шалқар ауданы Шілікті, Тоғыз стансалары және 77 разъездегі сумен жабдықтау желілерін қайта жарақтау үшін жобалық - сметалық құжаттамасын әзірлеуге және мемлекеттік сараптамадан өткізуге – 27119,4 мың теңге;

Шалқар ауданы Қотыртас ауылындағы сумен жабдықтау желілерін қайта жарақтауға жобалық - сметалық құжаттамасын әзірлеуге және мемлекеттік сараптамадан өткізуге – 11883,4 мың теңге;

Шалқар ауданы Аққайтым ауылындағы сумен жабдықтау желілерін салуға – 40734,3 мың теңге;

Шалқар ауданы Байқадам ауылындағы сумен жабдықтау желілерін салуға – 46713,4 мың теңге;

Шалқар ауданы Бозой ауылына жеткізілетін ВЛ-6 электрмен қамту желілерін салуға – 10063,8 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 9 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 14.03.2017 № 98 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.07.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2017 № 145 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. Жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын іске асыруға аудандық бюджеттен 2017 жылға Шалқар қаласы мен ауылдық округтер бойынша берілетін трансферттердің көлемі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2017 жылға арналған резерві, 2376,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 11 тармаққа өзгеріс енгізілді – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 12.07.2017 № 117 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Ауданның 2017 жылға арналған бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі, 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

13. Шалқар қаласы және ауылдық округтердің әкімі аппараттары бойынша 2017 жылға арналған бюджеттік бағдарламаларының қаржыландыру көлемі, 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Сейтмағанбетова

Шалқар аудандық мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы
21 желтоқсандағы № 68 шешіміне
1 қосымша

2017 жылға арналған Шалқар аудандық бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 12.12.2017 № 149 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		Атауы	
		КІРІСТЕР	7942899,1
1		Салықтық түсімдер	2671792,0
	01	Табыс салығы	325345,0
	2	Жеке табыс салығы	325345,0
	03	Әлеуметтік салық	282900,0
	1	Әлеуметтік салық	282900,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	2001977,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	1934985,0
	3	Жер салығы	6937,0

	4	Көлік құралдарына салынатын салық	57355,0
	5	Бірыңғай жер салығы	2700,0
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	55970,0
	2	Акциздер	2782,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	36200,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	16453,0
	5	Ойын бизнесіне салық	535,0
08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5600,0
	1	Мемлекеттік баж	5600,0
2		Салықтық емес түсімдер	3895,0
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1073,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	825,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	87,0
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	161,0
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	408,0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	408,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2414,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2414,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	14313,0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	263,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	263,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	14050,0
	1	Жерді сату	14050,0
4		Трансферттердің түсімдері	5252899,1
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5252899,1
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5252899,1
II. ШЫҒЫНДАР			8049792,6
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	445799,8
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	387297,3
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	20666,0
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20666,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	115666,0

		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	110386,0
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5280,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	250965,3
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	246563,3
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4402,0
2		Қаржылық қызмет	22518,0
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	22518,0
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21489,0
		010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	277,0
		018 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	752,0
5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	23172,5
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	23172,5
		001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22755,0
		004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	417,5
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	12812,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12812,0
		001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12232,0
		013 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	580,0
02		Қорғаныс	6009,0
	1	Әскери мұқтаждар	4437,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4437,0
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4437,0
	2	Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1572,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1572,0
		006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	806,0
		007 Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	766,0
04		Білім беру	5098089,5
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	638345,0
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	638345,0
		009 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	30214,0

		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	608131,0
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	4283777,5
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4196635,5
		003	Жалпы білім беру	3888925,5
		006	Балаларға қосымша білім беру	307710,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	87142,0
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	87142,0
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	175967,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	175967,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20703,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	67457,0
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстарды өткізу	4426,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	9931,0
		019	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттарды табыс ету	19567,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	53883,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	493390,3
1			Әлеуметтік қамсыздандыру	38391,7
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	36284,7
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	781,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	31784,6
		025	"Өрлеу" жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	3719,1
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2107,0
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	2107,0
2			Әлеуметтік көмек	427303,6
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	427303,6
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	257853,8
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	10491,9
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	4500,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	61859,9
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	329,0

		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	52160,0
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	18361,0
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	21748,0
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	27695,0
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	27580,0
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26596,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	834,0
		021	Мемлекеттік органың күрделі шығыстары	150,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	115,0
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	115,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1222240,4
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	686516,8
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2354,2
		007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	2354,2
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6650,0
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	2950,0
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	3700,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	677512,6
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	79961,5
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	597551,1
2			Коммуналдық шаруашылық	510419,3
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	34179,8
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	4200,2
		026	Ауданның(облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	3432,1
		027	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	12131,5
		029	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	14416,0

	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	476239,5
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	476239,5
3		Елді-мекендерді көркейту	25304,3
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	25304,3
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	25234,3
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	70,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	263185,6
1		Мәдениет саласындағы қызмет	95377,0
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	95377,0
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	95377,0
2		Спорт	11435,0
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	11435,0
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8072,0
	004	Мемлекеттік органың күрделі шығыстары	282,0
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1224,0
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1857,0
3		Ақпараттық кеңістік	98199,0
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	84699,0
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	83699,0
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1000,0
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	13500,0
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	13500,0
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	58174,6
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	21796,6
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13781,0
	010	Мемлекеттік органың күрделі шығыстары	100,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	7915,6
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	36378,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15801,0
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	18765,0
	006	Мемлекеттік органың күрделі шығыстары	150,0

		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1662,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	127722,1
	1		Ауыл шаруашылығы	109814,0
		462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	26410,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26127,0
		006	Мемлекеттік органың күрделі шығыстары	283,0
		473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	83404,0
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4885,0
		003	Мемлекеттік органың күрделі шығыстары	350,0
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	687,0
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	877,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1500,0
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	894,0
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	5376,0
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	68835,0
6			Жер қатынастары	15398,0
		463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	15398,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14598,0
		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	30,0
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	170,0
		007	Мемлекеттік органың күрделі шығыстары	600,0
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	2510,1
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	2510,1
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	2510,1
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	19113,0
		2	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	19113,0
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	19113,0
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18813,0
		015	Мемлекеттік органың күрделі шығыстары	300,0

12		Көлік және коммуникация	166247,7
1		Автомобиль көлігі	166247,7
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	158460,7
	045	Елді-мекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	158460,7
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7787,0
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7787,0
13		Басқалар	24229,2
3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	12640,5
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	12640,5
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9797,5
	003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	2554,0
	004	Мемлекеттік органың күрделі шығыстары	289,0
9		Басқалар	11588,7
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4340,9
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	4340,9
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	800,8
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	800,8
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6447,0
	041	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	6447,0
14		Борышқа қызмет көрсету	66,4
1		Борышқа қызмет көрсету	66,4
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	66,4
	013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	66,4
15		Трансферттер	183699,6
1		Трансферттер	183699,6
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	183699,6
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	4330,0
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	29080,0
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	112013,1
	054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	38276,5
III. Таза бюджеттік кредиттер			616902,8
Бюджеттік кредиттер			620577,8

07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	613770,8
1		Тұрғын үй шаруашылығы	613770,8
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	613770,8
	053	Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	613770,8
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	6807,0
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	6807,0
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	6807,0
	006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	6807,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	3675,0
01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	3675,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	3675,0
		V. Бюджет тапшылығы (профицит)	-723796,3
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	723796,3
7		Қарыздар түсімдері	620577,8
01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	620577,8
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	620577,8
16		Қарыздарды өтеу	3675,0
1		Қарыздарды өтеу	3675,0
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	3675,0
	008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	3675,0
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланатын қалдықтары	106893,5
01		Бюджет қаражаты қалдықтары	106893,5
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	106893,5

Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы
21 желтоқсандағы № 68 шешіміне
2 қосымша

Шалқар ауданының 2018 жылға арналған бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		Атауы	
		КІРІСТЕР	6525299,0
1		Салықтық түсімдер	2727421,0
	01	Табыс салығы	457150,0
	2	Жеке табыс салығы	457150,0

03		Әлеуметтік салық	390050,0
	1	Әлеуметтік салық	390050,0
04		Меншікке салынатын салықтар	1817659,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	1746154,0
	3	Жер салығы	7935,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	60770,0
	5	Бірыңғай жер салығы	2800,0
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	56862,0
	2	Акциздер	2977,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	36300,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17024,0
	5	Ойын бизнесіне салық	561,0
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5700,0
